

Түркі халықтарының XI ғасырдағы саяси мәдениеті (“Саясатнаманың” Қазақстандағы алғашқы басылымы туралы)

Шығыс даналығының ескерткіші



XI ғасырдағы Ұлы Селжұқ сұлтандары Тоғрұл-бек, Алып-Арслан, Мәлік-шаһтар өз биліктерінің шеңберіне Қытайдан Жерорта теңізіне, Кавказдан Йеменге дейін жердегі халықтар мен елдерді сыйғыза білді. Бұндай кең-байтақ мемлекеттік құрылым Таяу Шығыс пен Орта Шығыста ірі әлеуметтік өзгерістердің болуына әсер етті. Неміс ойшылы Ф.Энгельс түркі басқыншылығының тарихи маңызына жоғары баға беріп: “Жериемденушілік феодализмді Шығыста түркілер өздері жаулап алған елдерге енгізді” – деген еді. Бұл пікірге оның серіктесі К.Маркс та қосылды.

Көлемі шағын болғанымен, “Саясатнама” – осындай тендесі жоқ ғаламдық оқиғалардың әсерінен туындаған, маңызы зор шығарма. Сондықтан бұл кітап орта ғасыр билеушілерінің басты оқу құралына айналды. Осы туынды әлі де мағынасын жоймаған Шығыс даналығының ескерткіші.

Мәлік-шаһ сұлтанның тапсырысымен конкурстық негізде патшаларға арналған өсиет кітабы “Саясатнаманы” Селжұқ мемлекетінің XI ғасырдағы аса көрнекті мемлекет қайраткері Низам ал-Мүлк жазды. Бұл билікке арналған пайдалы кеңестер жинағы еді. Кітаптың авторы ірі мемлекетте мығым

орталықтандырылған үкіметтің болуы қажет деген көзқараста болды. Оның еңбегі Мәлік-шаһтың көңілінен шықты. Селжұқтар мемлекеті оны Мәлік-шаһ билеген уақытта ең ірі жетістікке жеткен болатын. Бұған Низам ал-Мүлктің еңбегі ерекше сінді. Мемлекеттің дәуірлеуіне мүмкіндік берген билік тиімділігінің қыр-сырлары 51 тараудан тұратын туындыда сөз етіледі.

Түпнұсқада кездесетін түркілік билеушілер хақында (Газниліктер, Селжұқтар тағы басқаларды) кемсіту үшін айтылған жағымсыз сөздер парсы прозасы Кеңес одағында орыс тіліне аударылған кезде белгісіз себептермен сол қалпында алынған. Мүмкін, бұл “бөліп ал да билей бер” әдісін тиімді пайдаланған империялардың ежелгі әдеті де болар. Сондықтан, бүгінгі күні түркі және парсы тілді елдер осы мәселеге назар аударғаны жөн болар еді. Әйтпесе, “Газниліктер, Селжұқтар және тағы басқа түркі билеушілері оқи да, жаза да алмайтын сауатсыз болған, ал сарайда білімді парсылар оларға ақыл-кеңес беріп, көздерін ашқан” дегенге саятын, әрі шындыққа жанаспайтын жалған пікірлер тек орта ғасыр түгілі қазіргі Иран әдебиетінде де кездеседі. Олардың ойынша, басқыншы грек (Александр Македонский) — жағымды отарлаушы, ал түркілер — жағымсыз отарлаушы болып келеді.

Әрине, бұл көрініс ертеден келе жатқан парсылардың бізге деген өкпесі. Алдағы уақытта осы жіңішке мәселеге жітірек мән беріп, өзара сыйластығымызды нығайтқанымыз жөн. Хазар (Каспий) теңізін айнала қоныстанған қазақ, әзірбайжан, түрікмен, иран халықтарының достығына орта ғасырлық намыс пен кек сақтау бүгінгі тікелей дипломатиялық қарым-қатынастағы іріткі салмауы тиіс. Онсыз да Иранның Таяу Шығыс пен Батыста қарсыластары жеткілікті.

Мәселен, Омар Хайямға Мәлік-шаһ пен Низам ал-Мүлк қолдау жасап отырған. Билік түгілі дінбасыларына да ақынның сын айта алуына себеп болған нәрсе – патша мен уәзірдің оны еркіндікте ұстағаны. Низам ал-Мүлк О. Хайямнан 31 жас үлкен. Жасы әкесіндей адам қай заманда баласындай азаматтан ақыл сұрады? Керісінше, ғылым, өнер, әдебиеттің дамуына селжұқтар үлкен қолдау көрсеткен. Омар Хайям соншама бай әдеби, ғылыми мұра Мәлік-шаһ пен Низам ал-Мүлк көмектеспесе, қалдыра алмас еді. Бағдаттағы Низамия медресесінде Шейх Саади Ширази да білім алған. Осы медресе Низам ал-Мүлк ашқан медреселердің тек бірі ғана.

Алғаш рет Кеңес Одағында 1949 жылы шығыстанушы Борис Заходердің аудармасымен жарық көрген бұл жауһар туындыны қайта басып шығарудағы басты мақсатымыз – Шығыстың атақты жұлдызы Низам ал-Мүлктің “Саясатнамасын” Қазақстан мен ТМД елдерінде дәріптеу. Жас Кеңес Үкіметі XX ғасырдың басындағы социализмге лайық тиімді басқару жүйесін жасауға талпынған кезде өз билік жүйесіне пайдалы басқа елдер мен халықтардың тәжірибесін ескеруге тырысты. Арнайы тапсырыс бойынша бұл жұмыстармен Кеңес үкіметінің ғалымдары айналысты. Шығыстанушылар “Саясатнаманы”

ұсынды. Әдетте, аудармаға ұзақ уақыт кететіні белгілі. Отан соғысы да (1941-1945 жж.) оған кедергі жасады. Нәтижесінде, “Саясатнама” КСРО Ғылым академиясының президенті академик С.И.Вавиловтың тікелей жауапкершілігімен Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры Борис Заходердің француз тілінен аударуымен тек 1949 жылы ғана жарық көрді. Бұл кітап И.В.Сталин оқыған кітаптардың бірі болып саналады. Кітап сол жолғы тиражының өте аздығына және 61 жылдан бері қайта басылмағандығына қарағанда, оларға ұнамағанға ұқсайды. Мүлдем түсініксіздеу жағдай...

Менің өз басыма “Саясатнама” өте қатты ұнады. Сондықтан, халық назарынан тыс қалып келе жатқан осы туындыны өмірге қайта әкелу басты мақсатым болды. Өйткені мемлекет басшыларымен қатар, әрбір ірілі-ұсақты билік пен саясат өкілдерінің стол үсті оқулығы болуға бұл кітап татиды. Демек, “Саясатнамамен” жоғарғы сынып оқушылары мен студент жастар танысуға мүмкіндік жасау қажет. Оны мысалы Иранда қысқаша — мектеп, толығырақ — университет бағдарламасына енгізген. Кітапханаларда бұндай туындылардың болғаны абзал. Тәжікстан және т.б. елдерде мектепте “Қабұснама” да оқылады.

Парсы прозасы мен поэзиясының энциклопедиясын құрастырумен сегіз жылдан бері айналысамын. 2006 жылдың күзінде әйгілі “Қабұснама”, “Синдбаднама”, “Парсы ертегілері” атты үш томдықты; 2007 жылы “Парсы-тәжік прозасының энциклопедиясын” шығардым. Адамзат баласына “гуманизм” (“адамият”) ұғымын сыйлаған ғұлама Саадидің “Түлстаны”, оған жауап ретінде жазылған дүлдүл Жәмидің “Бахорстаны”, үнді-парсы әдебиетінің шебері Нахшабидің “Тотынамасын” сол жылы жарыққа шығардым. парсы прозасының алты томы Қазақстанда алғаш рет осылайша жарық көрді.

Өткен жылы парсы прозасының 7-ші томы, яғни Инаятуллах Канбудың “Түсінісу көктемін” (“Бахори доништи”) шығардым. Энциклопедияның 8-ші томы ретінде “Саясатнаманы” да басып шығардым. Орыс тіліндегі нұсқасы: «Низам ал-Мулк. “Книга о правлений”. Составитель – А.Р.Дюсенбаев. Алматы, ИП ДАР, 2010 год». Бастаған ісінді қаражат жағы қанша тапшы бола тұрса да, орта жолда қалдырып кету қиын екен. Қарыздансам да, жұмысты әзірше жалғап келемін.

Келесі томдар да жоспарымда бар. Бірақ, кітапханалар мен оқу орындары қызығушылық көрсетпей отырғандықтан шыққан кітаптар әлі сатылған жоқ. Осы жолы “Саясатнаманың” типографиялық шығынына жақындарым көмек берді. Ал басқа кітаптарды өз күшіммен шығардым.

Кітапханалар 1-2, 3-5 данадан алғылары келеді, бірақ түрлі себептермен ала алмайды. Өйткені парсы әдебиеті Қазақстанда алғаш рет шығып отыр, көпшілік бұл әдебиетті бұрын көрмеген. Олар осыдан 30-40, 50-60 жыл бұрын Мәскеуде, Душанбеде ғана басылған.

Низам ал-Мүлктің бұл шығармасы парсы тілінде жазылғанымен, “Саясатнама” Кіші Азияны бірнеше ғасыр бойы билеп төстеген Селжұқ сұлтаны

Мәлік шаһқа арналған. Селжұқтардың тегі түркі екені бәрімізге белгілі. Осы тұрғыдан алғанда шығарманы сөзсіз біздің төл туындымыз деп қарастыра аламыз. Орта ғасырдағы көркем шығармалар сол дәуірдегі ресми әдебиет тілі – парсыша жазылған. Сол себепті, “Саясатнама” да парсы тілінде дүниеге келген. Түркі-оғыз мемлекетінің сұлтаны Мәлік-шахтың тапсырмасы бойынша бұл билік кітабын төрт оқымысты дайындаған. Бұл конкурста (сайыста) патшаға Низам ал-Мүлктің еңбегі ерекше ұнап, жоғары бағаға ие болды. Сондықтан тарихта осы кітап қана қалды.

“Саясатнама” Ислам елдерінің мемлекеттік басқаруы мен құқықтық жүйесінен кеңінен мәлімет береді. Әсіресе, мемлекеттік қызметтің философиялық астарына көбірек маңыз аударады. Мәліметтер сараптама түрінде жазылған. Осылай Низам ал-Мүлк өз көзқарасын тарихи деректерге сүйене отырып суреттеген. Бұл жалаң сөз, қиял, сөзбұйда емес. Ғылыми негізі бар еңбек. Соның салдарынан ол он ғасырдан бері өзінің құндылығын жойған жоқ. Ойы терең, астары мазмұнды, тілі әсем, орта ғасырлық парсы әдебиетіне тән пәрменді шығарма. Патшадан бастап басқа да басшыларға автор қойған талап: Зорастринизм мен Ислам діндерінің қағидаларынан басталып, ол одан әрі көне мәдениет мұраларымен ұштасып жатыр. *“Қандай дәреже мен байлықты иемденсең де, о бастан әділ, жауапкершілікті, саналы, арың таза, жұртыңа пайдалы азамат бол!”* — деп түйіндейді.

Нақыл ұғымдар – кітаптың өзегі. Автор өз патшасына: *“О дүниенің отына күйгеннен, осы дүниенің отына күйген көп жеңіл!”* – деп ескерту жасайды. Немесе *“Халқым сенсін, сыйласын десең, онда алтынмен соғыс!”* — деп те жазады (“Алтынмен соғыс!” дегені – “ақшаға қызықпа!” дегені ғой). *“Аспа, таспа, еліңнің жағдайымен санас, оған пана бол, мұң-мұқтажын ойла, қарапайым шаруалар көшіп-көніп, азып-тозбасын!”* – дейді.

Еуропада мұндай еңбектердің дені XVI-XVII ғасырларда жазыла бастады. Бұл – Шығыстың Батыстан көш ілгері тұрғанын көрсетеді. Парсы поэзиясының негізін салған Рудаки шығармашылығы хақында ағылшын шығыстанушысы Чарльз Пикеринг 1890 жылы: *“X ғасырда бүкіл Еуропа жабайылық түнегінде қамалып отырғанда, Мауреннаһр гүлденіп, парсы әдебиетінің көкжиегінде Рудакидың жұлдызы жарқырады!”* — деп шындықты мойындаған болатын. Мың жыл бұрын Шығыстың мәдениеті мен саяси-экономикалық қабілеті Батыстан көш ілгері болғанын осы парсы әдебиетінен де білуге болады. Италияның ойшылы Никколо Макиавеллидің “Мемлекеткер” (“Государь”) атты кітабы 1532 жылы жарық көрсе, “Саясатнама” XI ғасырда жазылды. Төрт ғасыр бұрын! Оның үстіне “макиавеллизм” жалпылама алғанда саясатта ар-ұят сияқты моральдық нормамен санаспауды дәріптесе, Низам ал-Мүлк биліктің тек адамгершілік және имандылықпен санасқанда ғана абыройлы болатынын дәлелдеген. Соған апаратын жолды көрсете білген.

“Саясатнама” патшаларға арналып жазылғанымен, оның маңызы мен қағидаларын әр деңгейдегі басқару жүйесі түгілі отбасында да пайдалануға болады. Кей тұстары Құнанбай қажының жас Абайға берген батасымен үндес: *“Аллаға жағайын десең — азанды, халқыңа жағайын десең — қазанды бол!”*. Бұл шығарманы түркі, парсы, араб елдері халықтары даналықтарының ой-маржаны десек, артық айтылмаған пікір. Қысқаша айтқанда, Шығыстың асыл мұрасы. Әрине, әлемдік деңгейдегі, халықаралық құндылықтағы. Зерде мен парасат өркеші. Түркілердің адамзат баласына сыйлаған елбасқару ережесі. Селжұқ империясының сұлтандары Алып-Арслан мен Мәлік-шахтың бас уәзірі болған Низам ал-Мүлк, әрине, биліктің орталыққа шоғырланғанын жақтады. Оның дұрыстығын тарихтың өзі дәлелдеп берді.

Шығыстанушылар: “Саясатнамада” мемлекеттік орталық биліктің күшті болуына баса мән берілген” дегенімен, Низам ал-Мүлк мемлекеттік қызметтің сан түрін сөз еткен. Әсіресе, икта басқару жүйесі туралы әңгіме қозғайды. Бұл жүйе кезінде Қараханидтер мемлекетінде де қолданылды. Икта реформасында децентрализацияның да белгілері бар екен. Автордың икта басқару жүйесін ескерген себебі, саясаттың барынша экономикалық, әлеуметтік тұрғыдан тиімді болуының ізденістері деп ойлаймын. Аса ірі мемлекетте жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің дамуы қажеттілігінен. Селжұқ мемлекетінің тарихын зерттей келе неміс ойшылдары Ф.Энгельс пен К.Маркс “иктаның” пайдасымен қатар осал жерлеріне (сепаратизмге әкелетін) де көңіл бөлген болатын. Жергілікті өзін-өзі басқару АҚШ штаттарында, Германияда, Ресей губернияларында кең тараған. Тіпті бүгінгі Мәскеу қаласының да өз үкіметі бар. Бұл орталық билік пен жергілікті биліктің үлес салмағының тепе-теңдігінің көрсеткіші. Ол мемлекеттің жер көлеміне, халық санына, экономикалық потенциалы, саяси сауаттылығы мен мәдениетіне тікелей тәуелді. Аймақ басшысы сайлана ма, әлде тағайындала ма? Аймақта “қаймақ” болмаса, онда сайланған әкім өңірді жарылқай ала ма? Таға басқа және тағы сол сияқты билік мәселелеріне автор қатты назар аударған.

Адасқан діни ағымдармен қалай күресу керектігін де Низам ал-Мүлк осы шығармада сөз етеді. Айталық, Исмаилиттер, Карматтар, Маздакизм ағымдары туралы кеңінен мәлімет береді. Осы тұрғыдан алғанда Саясатнама” көтерген мәселелер біздің бүгінгі күнімізге тікелей қатысты. ХІ ғасырдағы Селжұқстандағы діни ағымдар туралы мәселелер бүгінгі ХХІ ғасырдағы Қазақстан үшін де өте маңызды. Айналасы 10-15 жыл ішінде бізде жүздеген діни секталар қаптап кетті. Дәстүрлі ірі діндерге іс жүзінде ерекше көңіл бөліп, секталарды заңды түрде мемлекет шектеуге тиіс. Бұндай “демократия” халыққа жақсылық әкелмейді, қоғамға іріткі салғаннан басқа. Осы мәселе “Саясатнамада” өте орынды және нақты айтылады. Осыдан-ақ, бұл кітаптың қаншалықты өміршең екендігін біле аласыз.

Шығармада мемлекеттік басқару ісіндегі ғалымдардың рөліне көбірек тоқталған. Жалпы, ғылым иелерін құрметтеу керектігі көп айтылады. *“Нағыз ғалым патшаға шақырумен барады, жалған ғалым өзі сұранып барады”* – деп жазады “Саясатнама”.

“Әрбір маңызды мемлекеттік шараны ғалымдармен және даналармен ақылдаса отырып шеш!” – деп Низам ал-Мүлк патшаға нұсқау береді. Бұндай демократия сол замандағы Еуропада болмағаны бәрімізге де белгілі.

Ахмет ДҮЙСЕНБАЕВ,
ҚР Білім және ғылым министрілігінің
«Ғылым ордасы» РМК-ның
Қазақстан ғылымының тарихы музейінің
ғылыми қызметкер-қор сақтаушысы